

және проблемалардың жаһандануынан туындайтын мәселелерді шешудің жолдарын іздеуді қажет етеді.

Құқықтық нигилизмнің ұғымын қарастырып оның пайда болу ошақтарының қайдан қалыптасқанын қарастырдық. Құқықтық нигилизм сөзінің антоними құқықтық мәдениет болып табылады және ол құқықтық нигилизмді жеңу жолдарының ең тиімді әдісі деп есептеймін. Біздің ортамызда құқықтық мәдениет қалыптастыра отырып, бір адамның мәдениетін өзгертетін болсақ оның өзі үлкен жетістік деп ауыз толтырып айта алар едім

Халық заңдарды лайықты білу керек, бұл құқықтық өмірдің бір бөлігі. Сондықтан, адамдар заңды біле алмайтын тәртіп күлкілі және қауіпті... Адам рухани болмыс ретінде жер бетінде құқықтан тыс өмір сүре алмайды. Сондай-ақ, адам қоғамның негізгі құраушы бөлшегі ретінде оның ой-санасының дұрыс қалыптасуымен қабылдау, түсіну қабілеттерін дамыта білу қажет. Адамдар кем дегенде осы ауытқулардың мәні, олардың қоғамдағы рөлі, себептері, көріну формалары, жою жолдары туралы жалпы түсінікке ие болуы керек.

Құқықтық нигилизмді жеңу үшін адамдар өз құқықтарын жетік білулері қажет және оны біліп қана қоймай іс жүзінде қолдана білулері құқықтық қоғам қалыптастырудағы үлестері болады. Болашақ жасөспірімдер өз құқықтарын біліп, өмірде кездесетін, болып жатқан бассыздыққа қарсы тұра алатындай мәдениет қалыптастыруымыз қажет. Әр адам өз орынын біліп, міндеттерін дұрыс, нақты атқаратын болса құқықтық нигилизм атымен болмас еді. Құқыққа деген көзқарас әрқашан әртүрлі және заман ағымына байланысты қилы болып қала бермек.

Әдебиеттер тізімі

1. <https://allrefrs.ru/2-3887.html>
2. **Мемлекеттік жастар саясаты туралы заң.** О государственной молодежной политике. Закон Республики Казахстан – Алматы. ЮРИСТ, 2015. – 12 б.
3. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

ӘОЖ 37.01

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНА ҰЛТТЫҚ, РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЕНГІЗУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Дүйсебек Ә. Т. – Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы орта білім институты директорының орынбасары, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент, Нұр-Сұлтан қаласы.

Мақалада қазіргі постиндустриалдық ақпараттық қоғам және жаһандану жағдайында білім беру мазмұнына ұлттық, рухани құндылықтарды кіріктіре отырып, білім берудің тәрбиелік әлеуетін арттырудың маңыздылығы негізделіп, оны жүзеге асырудың ғылыми-әдіснамалық аспектілері баяндалған. Осы тұрғыда материалдық құндылықтар мен рухани құндылықтардың ара-жігі ашылып көрсетіліп, білім мазмұнын жетілдірудегі Абайдың фәлсапалық қағидаларын басшылыққа алу мәселелері көтерілген.

Түйін сөздер: постиндустриалдық ақпараттық қоғам, білім берудің постмодернизм философиясы мен синергетикалық тәсілдемесі, ұлттық, рухани-адамгершілік құндылықтар.

XXI ғасырдағы адамзат өркениетінің жаңа сатысы ол интеллектуалдық ақпараттық өркениет, білім қоғамы. Жаңа өркениетте еңбек ету мен адам тіршілігінің сипаты түбегейлі өзгеріп, қарым қатынастың, энергетиканың, технологияның жаңа түрлері ендірілуде. Бұл адамның мінез құлқының, ділінің, мәдениетінің, қоршаған ортаға көзқарасының, қарым қатынас жасау сипатының, құндылықтарының өзгеруі мен жаңаруын қажет етеді.

Адамзат қоғамын дамытуға екі түрлі көзқарас бар. Оның бірі – неотехнократиялық, бұл жоғары технологиялар мен инновациялық, ғылыми іс-әрекеттерді басым пайдалану, екіншісі – гуманитарлық-экологиялық, бұл адамның рухани потенциалын дамыту және адам мен адам, адам мен табиғат арасындағы үйлесімділікті қолдау. Прогрессивті адамзат осы екі бағытты үйлестіре отырып даму жолын таңдап отыр. Екеуін қатар алып жүргенде ғана адами капитал адамзат үшін құнды және оны алға жетелейді.

Техногендік қоғамды дамытудың, ғылыми-техникалық прогресс жасаудың нәтижесінде адамзат орасан зор материалдық байлыққа, ғажайып техникалық күш қуат құралдары мен энергия және ақпарат көздеріне ие болды, ол жер шары ғана емес космостық кеңістікке ықпал жасай алатындай геологиялық күшке айналды. Бірақ оның материалдық дүниеге әсіре елігуі, қоғамдық қарым-қатынастардың бәсекелестікке лайықталып құрылуы адамдардың иррационалдық құндылықтары мен жан

дүниесі, рух күші, ішкі табиғи әлемінің сенімдері мен сеуімдерінің әлсіреп, құнсыздануына әкеліп соқты. Осының салдарынан қоғамдық ортада эгоизм мен қатыгездік, дүниеқоңыздық, моральдық-адамгершілік азғындау құбылыс-тары орын алып, әлеуметтік негіздегі қатерлі аурулар асқиндай түсті. Адамдардың қоршаған ортаға деген қарым-қатынасы да деформацияға ұшырады: олар өзін табиғаттың бір бөлшегі емес, оның қожайыны түрінде сезініп, табиғат байлықтарын жою, қоршаған ортаны жаппай ластау салдарынан биосфералық баланстың, Жер гомеостазының бұзылу, адамзаттың экологиялық апатқа ұшырау қауіптері пайда болды.

Көпшілік жастар арасында маргиналдану, зорлық-зомбылық жасау, ақша бопсалау, суицид жасау оқиғалары, агрессивті топтар мен діни ағымдарға ену үрей тудыратын деңгейге жетті. Бас прокуратураның мәліметі бойынша 2018 жылы жастар арасында 178 суицид жасалып, 329 суицид жасауға ұмтылыс тіркелсе, 2019 жылы суицид саны 180-ге, суицид жасауға ұмтылыс 351-ге дейін өскен, жыныстық тұрғыдағы қылмыстар саны 2018 жылғы 1059-дан 2019 жылы 1156 ға дейін өскен. ЮНИСЕФ және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша Қазақстан жасөспірімдер арасында осы аса қатерлі құбылыстың саны жағынан әлемдегі ең алғашқы орындардың бірінде.

Адамзат қоғамы – синергетикалық жүйе. Оны жүйенің ішкі заңдылықтары өздігінен реттейді, жабулы күйінде қала бермейді.

Бұл проблемалардың ешқайсысын қаржы бөлуден, қысқа уақыттық іс-шаралармен, полицейлер санын көбейтумен, жазалау жолымен толық шеше алмайтынымызға көзіміз жетіп отыр.

Адамзат қазір Абай атамның:

Ақыл мен қайрат жол табар,

Қашқанға да қуғанға.

Әділет, шапағат кімде бар ,

Сол жарасар туғанға.

Бастапқы екеу соңғысыз,

Біте қалса қазаққа,

Алдың жалын артың мұз,

Барар едің қай жаққа? – деп өз заманында-ақ болжаған рухани дағдарыс жағдайында тұр.[1,

87].

Осының бәрі өз кезегінде индустриалдық қоғам талаптарына лайықталып құрылған дәстүрлі білім беру жүйесінде парадигмалық өзгерістер жасауды талап етеді. Жаңа білім беру жүйесі ХХ ғасырдан қалған ғаламдық проблемаларды шешу және адамзаттың ақпараттық өркениетке сай жаңа мәдениетін, жаңа ділін қалыптастырып, орнықты даму жолына түсуін қамтамасыз ету миссиясын орындауы тиіс. Бұл өркениетте білім адамзат қоғамына тұтастай еніп, қоғамдық сана сезімді басқару мен басым дамытудың басты тетігіне айналады. Білім беру қоғамдық интеллектіні дамытудың «адам санасы адамның өзі үшін емес, адам санасы коэволюциялық даму үшін» парадигмасына көшіру жолында қызмет атқаруы тиісті болады. Бұл білім берудің әдіснамасына, мақсат міндеттеріне, сапасын бағалау жүйесіне айтарлықтай өзгерістер ендіреді. Білім берудің мақсаты мен нәтижесі ағарту, ақпаратпен қамтамасыз ету емес, адамның сапасын, оның дұрыс бағдарда әлеуметтену деңгейін, қоғамдық интеллектінің жасампаздық сапасын жақсарту болатын болады. Осы дағдарыстан шығудың жолы – білім мазмұнының рухани-адамгершілік қуатын арттыру.

Материалдық құндылықтар – адамның тән қажеттіліктері, ол жанған от сияқты, тойымсыз, затты қосқан сайын, қажеттілігі артып, лаулай түседі. Материалдық дүние – алдамшы, тойымсыз, оған әсіре елігу – адамды аздыруға, тоздыруға бастар жол. Ал рухани құндылықтар – адамның жан қажеттіліктері, рухани байлық – шынайы, мәңгілік байлық, ол адамзатты адалдандырып, жасампаздыққа жетелейді. Ұлы тұлғалардың рухани мұрасын ғана адамзат жүздеген, мыңдаған жылдар ұмытпай, қастерлеп келеді.

Білім беру постмодернизм философиясы мен синергетикалық тәсілдеме негізінде, яғни материалдық және рухани дүниенің, адам, қоғам, табиғат, космостың біртұтастығы мен коэволюциясы аясында трансформациялануы тиісті. Соның негізінде білім берудің құндылықтары мен мақсаты да өзгеріп, ол адамның физикалық, әлеуметтік және рухани құраушыларын біртұтастай дамытуға ауысады, футуристік, гуманистік-ноосфералық сипат алады.

1982 жылы физиология мен медицина саласындағы аса көрнекті американдық маман Уильям Парри Мерфи адам миының екі жартышары арасындағы ассиметрия саласындағы ғылыми еңбектері үшін Нобель сыйлығына ие болды. Ол мидың сол жақ жартысы рационалдық-логикалық ой-өрісті, прагматикалық дүниетанымды қалыптастыратынын, оң жартысы адамның гуманистік дүниетанымын, позитивті эмоциясын, интуициясы мен шығармашылық қабілеттерін реттейтінін дәлелдеген. Дана тұлғалар – миының екі жартышары теңгермелік түрде дамыған адамдар.

Осы кезге дейін үстемдік құрған Ньютондық-Дарвиндік классикалық ғылымға негізделген білім беру адам миының сол жақ жартышарын дамытуға біржақты бағыттталып келсе, болашақтағы білім беру жүйесі адам миының оң жақ жартышарын дамыту арқылы оның рухани күш қуаты мен шығармашылығын өсіретін жаңа деңгейге көтерілуі тиісті.

Мұның жолы қандай? Абай атамыз: "Білімдіден шыққан, сөз талаптыға келсін кез. Нұрын, сырын көруге, көкірегінде болсын көз". "Жүректің көзі ашылса, хақтықтың түсер сәулесі. Іштегі кірді қашырса, адамның хикмет кеудесі", – деген емес пе?

Данышпан 31-ші қара сөзінде:

«Ақылмен ойлап білген сөз,

Бойыңа жұқпас, сырғанар.

Ынталы жүрек сезген сөз,

Бар тамырды қуалар», – десе, тағы бірде, «Ақылға сәуле қонбаса – хайуанша жүріп күнелт-пек», – деп, білім мен тәрбиенің адамның жүрегінің түбіне терең бойлау арқылы ынтамен, махаббат сезімдері арқылы берілсе ғана құндылыққа айналатынын, сондай ақыл ғана адамның адамдығы екенін айтқан. Ең бастысы осындай білім ғана заттық дүниенің тар қапасынан, рухани дағдарыстан алып шығып, адамзатты жасампаздыққа жетелейді.

Қазіргі ғылым адам ДНК-сының күн сәулесінің спектрлерін де, музыка сазын да ажырататынын дәлелдеп отыр [2, 26]. Бұл музыканың жаратушының адамды дамыту үшін берген күн сәулесімен бірдей айрықша құрал екенін көрсетеді. Оның адамның жүрегін толқытып, жан дүниесін байытатын, рухын асқақтататын қуаты да осыдан.

Кореяда гүл питомниктерінде классикалық музыка үздіксіз ойналып тұратынын көрдім, «себебі осындай музыкамен гүл әдемі және шыдамды болып өседі, нәтижесінде Корея бүкіл әлем елдеріне, тіпті Голландияға да гүлді экспорттайды», – деп түсіндірді мұндағы мамандар.

«Көңіліңіздің қошы болса, сонда ол ақылыңызды да көркейтеді, сезімдік арналарыңызды ашып, нәтижесінде жақсы ойлар ойланылады, жақсы сөздер сөйленеді, жақсы істер атқарылады. Ал қошы жоқ көңіл – нұрынан айырылған көзбен бірдей. Ол ақылды да соқырландырады», – деп жазады белгілі ақын Тыныштықбек Әбдікәкімұлы. [3, 85].

Осы себептерге байланысты мектептің алғашқы сыныптарында баланың зердесіне артық салмақ түсіретін ғылыми пәндерді, ауыр тапсырмаларды көбейтудің қажеті жоқ деп ойлаймын. Шетел тілін білу – заман қажеттілігі, адамның мәдени деңгейінің көрінісі. Бірақ оны үйрету сағат сандарын көбейту есебінен емес оқытудың озық әдістемесін қолдану есебінен жүргізілгені орынды. Бұл орыс тілді мектептерде қазақ тілін оқытудың осы кезге дейінгі тәжірибесінен көрініп отыр. Бастауыш мектептің міндеті – баланың сезім арналарын, көкірек көзін ашу, талабын ұштау, ынта-ықыласын ояту, көңіл қошын келтіру. Бұл үшін керегі – ана тілі, өнер, еңбек пәндері. Сонда ғана болашақта бала шетел тілін де, ғылымды да оңай игереді. Домбырада күй ойнау үшін алдымен оны саздау керек емес пе? Дұрыс саздалған домбыра ғана көңілдің күйін шертеді, сөйтіп ғажайып симфонияға ұласады.

Антропологиялық философия және басқа ғылыми зерттеулер адамды биологиялық, әлеуметтік және рухани бастаулардың ұштағанды бірлестігі есебінде қарастыра отырып, осылардың ішінде адамның жаны және одан туындайтын руханият адамдық болмыстың аса маңызды жүйекұраушы элементі екендігін және ол дене күші мен ақыл күшімен салыстырғанда басым мәнділікке ие болуы тиіс екендігін көрсетіп отыр. Адам жаны, руханияты, жүрек жағдайы адамның толыққанды адамшылығын сақтайтын және дамытатын, оның ішкі және сыртқы әлемінің тұтастығын қамтамасыз ететін онтологиялық негізі деп бағалануда.

Бар ғаламның құрылысы бірдей екені бәрімізге мектептен мәлім. Әр дүниенің өз ядросы бар. Ядро – сол дүниенің бар асылын жинақтаған субстанциясы, өзегі, ол бұзылса – дүние жоғалады. Қазақстан қоғамының ядросы – қазақ ұлты, ал қазақ ұлтының ядросы – оның тілі, тарихи және рухани құндылықтары, олардан айырылсақ, жүйелі дағдарысқа кіреміз, іргеміз сөгіледі. Қазіргі ғаламдану кезеңінде сол ядроны бұзуға, яғни ұлт сапасын әлсіретуге сырттан әрекеттер жасалу қаупін де ескеру керек. Бұл – ұлттық қауіпсіздік мәселесі.

Тәрбиелеуді замана ағымына сәйкес дамыта отырып, ұрпағымызды мәңгірттіктен, рухани азғындаудан сақтау жолын қарастыру біздің маңызды да, кезек күттірмейтін борышымыз. Өзіндік таным бағытындағы ата-бабамыздан қалған мол рухани қазынаның сандығын ашып, байлығын игеріп, рухани ұлттық құндылықтарды барлық пәндердің, тәрбие жүйесінің арқауы етіп қарастыру жөнінде оқу- әдістемелік құралдар жасалуы тиіс.

Бізге қазір адамның жан дүниесіне әсер етіп, қиялына қанат бітіретін, рухын асқақтататын тәрбие жүйесі қажет. Ұлттық рухани құндылықтарды, халықтық тәрбиені негізге ала отырып жан тәрбиесін, өзін-өзі тану және тәрбиелеу міндеттерін жүзеге асырудың кешенді бағдарламасы керек.

Махатма Ганди «мен басқа елдерден келген желдің соққанына қарсы емеспін, бірақ олар есігімізден де тереземізден де кіріп, өз аяғымызға тұра алмайтындай жағдайға ұшыраудан сақтандырамын», – деген екен.

Финляндия, Оңтүстік Корея, Жапония, Сингапур, Қытай мемлекеттерінің ерекше қарқынды даму феномені адами капиталдың рухани құраушысын басшылыққа алуымен түсіндіріледі. Бұл елдерде мыңжылдық рухани қазыналарға, адалдыққа, ұлттық дәстүрлерге, еңбекқорлыққа, отбасы мәдениетіне, ілтипаттыққа негізделіп құрылған адам капиталы сыйқырлы таяқшадай тез арада фантастикалық нәтижелер берді.

Оңтүстік Кореяда корейлердің өз ана тілін, дәстүрлерін, тарихын қалай қадірлейтінін көрдік.

Ата-анасы мұғалімді қадірлеуді балаларының санасына жастайынан құяды, сондықтан ұстаз мәртебесі өте жоғары. Қаптап жүрген полиция қызметкерлері жоқ, бірақ тәртіп бұзылмайды, тазалаушы жоқ – тазалыққа таң қаласың. Адам сапасы жоғары болған жерде, артық шығындар осылай қажеті болмай қалады. Өз халқын ғана емес, дамушы елдердің мыңдаған адамдарын оқытып, жұмыс тауып беріп отырғанына риза болмасқа шараң жоқ. Жері тар, қазба байлы жоқ болса да жан-жағына жалтақтамайды, басқаларға табынбайды. Еңбек адамына жағдай туғызу, ұлттық құндылықтарын қадірлеп, білім мазмұнына арқау ету арқылы инновацияны игеріп, орнықты даму жолына түскен ел бұл.

Қадыр Мырзалы ағамыздың «Байлығы көп елге, саудагерлер қаптап кетеді», «Рухы жоқ елді, кім-көрінген таптап кетеді», «Рухсыз халық-ырықсыз халық» – деген сөздері бар. Дана ақынымыздың осы тағылымды тұжырымдары қазақ елінің қазіргі жаһандану заманында еске ұстайтын қағидасы болса керек.

Жас жеткіншектеріміз Абылайдың айбарынан, Махамбеттің отты өлеңдерінен, Құрманғазының қуатты күйлерінен, Бауыржанның қайсарлығынан қайрат алуы тиісті, сонда ғана олар еңсесі биік, рухы жоғары, ерік-жігері мол, талабы таудай елжанды тұлға болып қалыптасады.

Қорыта айтқанда, халқымыздың социогенетикалық коды болып табылатын ұлттық құндылықтар, ана тілі, қазақ халқының рухани және мәдени мұрасы орта білім беру мазмұнының өзегіне айналуы тиісті. Бұл үшін «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі идеялары, Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасы, Әбунасыр әл Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмұд әл Қашқари, әл Хорезми, Қожа Ахмет Яссауи және әлемнің басқа да ұлы ойшылдарының мәдени және рухани мұрасы жоспарланып отырған 12 жылдық орта білім берудің философиялық тұғырнамасы ретінде қарастырылуы керек.

Әдебиеттер тізімі

1. **Абай Құнанбаев.** Таңдамалы өлеңдер/ Абай Құнанбаев – Алматы: Жазушы, 1985. – 176 б.
2. **Тыныштықбек Әбдікәкімұлының шығармалар жинағы.**

<https://adebiportal.kz/kz/books/view/3181>

3. **Юнг К.Г.** Аналитическая психология и психотерапия. – Пб., 2001. – 177 б.

УДК 37.034

ВКЛАД ЫБЫРАЯ АЛТЫНСАРИНА В НРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ МОЛОДЕЖИ

Жанбурбаева Ж. Б. – педагог иностранного языка ОШ «Средняя школа №23 им. М.Козыбаева акимата города Костанай.

Мукенова А. Д. – педагог иностранного языка ОШ «Средняя школа №23 им. М. Козыбаева акимата города Костанай.

В статье рассматривается вклад Ыбырая Алтынсарина в просвещение и воспитание молодежи. Авторы отмечают актуальность мыслей Ы. Алтынсарина для молодого поколения, указывает, что своим творчеством он старался воспитывать в молодёжи чувство мужественно переносить несчастья и трудности, не поддаваться искушениям, сочетать, оптимизм и глубокомыслие.

Ключевые слова: нравственное воспитание, гуманизм, актуальность мыслей.

Идеи просвещения в XVIII веке особенно актуальны в духовной сфере во многих странах мира. Просветители, отстаивая свободу народа и человека, все перспективы поручили на мирные преобразования. Они полагали, что социальное неравенство произошло от невежества, неразумности людей. В связи с этим своей главной целью просветители объявили просвещение народа. Ведь они, по их мнению, по нелепости своей принимали действующие порядки. [1, с. 1]

На сегодняшний день духовно-нравственные ценности, моральные императивы начинают ощутимо торжествовать над насущными потребностями, становятся руководством для правительств и государств. И в данном контексте развития мирового пространства актуальным является творчество Ыбырая Алтынсарина – одного из величайших гуманистов прошлого столетия, наставника молодёжи. Для его творчества характерно глубокое уважение к человеческому достоинству. При помощи поэтического слова Ыбырай воздействовал на умы и чувства людей:

«Если ты увидишь лес и степь вдали,
Если ты дороги разглядишь в пыли,
Запомни, здесь Республика, край родной,
Запомни этот край и твой, и мой...» [2, с.3].

Ыбырай Алтынсарин – педагог-новатор, выдающийся просветитель, прозаик и поэт, общест-